



«М.Тынышбаев атындағы ALT Университет» АҚ жасанды интеллектінің енгізу стратегиясы

Kіricse

Жасанды интеллектіні (бұдан әрі – ЖИ) «М.Тынышбаев атындағы «ALT Университет» АҚ енгізу – цифрлық трансформация мен инновациялық дамудың басым бағыты болып табылады.

Бұл Стратегияның мақсаты – ЖИ-ді оқу бағдарламаларына кешенді түрде енгізу жүйесін құру, оқытушылардың біліктілігін арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту және ЖИ-ді қолданудың этикалық стандарттарын қалыптастыру.

ЖИ-технологияларын пайдалану білім беру сапасын арттыруға, оқу үдерісін анағұрлым икемді әрі заманауи етуге, сондай-ақ білім алушыларды цифрлық экономика мен технологиялық болашақтың талаптарына дайындауға мүмкіндік береді.

Стратегияның мақсаттары

1. Оқу бағыттарына ЖИ пәндері мен бағдарламаларын енгізу;
2. Университеттің оқытушылары мен қызметкерлерінің цифрлық сауаттылығын арттыру;
3. ЖИ шешімдерін әзірлеу мен енгізуге арналған заманауи инфрақұрылым құру;
4. ЖИ-ді пайдаланудың этикалық және құқықтық стандарттарын қалыптастыру;
5. ЖИ саласындағы зерттеулер мен студенттік жобаларды дамыту.

1. Стратегияның іске асырудың негізгі бағыттары мен кезеңдері

1.1 ЖИ-ді оқу үдерісіне интеграциялау

- 2024–2025 оқу жылынан бастап барлық білім беру бағдарламаларына «Жасанды интеллект негіздері» пәнін енгізу;
- Жаңа білім беру бағдарламаларын ашу:
 - 6B06126 — Қолданбалы жасанды интеллект (2024–2025 оқу жылы);
 - 6B06328 — Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері (2025–2026 оқу жылы);
 - 6B06118 — Бағдарламалық инженерия (2024–2025 оқу жылы);
 - 6B06116 — Ақпараттық жүйелер (2024–2025 оқу жылы);
 - 6B06172 — Үлкен деректер технологиясы (Үрімші кәсіби университетімен) (2025–2026 оқу жылы).
- «Жасанды интеллект негіздері» пәні бойынша электрондық оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу;
- Coursera, Gamma.app, Synthesia, ChatGPT және басқа да платформаларды пайдалану;

- Студенттік жобалар, хакатондар, ЖИ-жобалар байқауларын ұйымдастыру;
- ЖИ көмегімен жекелендірілген оқыту элементтерін енгізу.

1.2 Оқытушыларды оқыту және дамыту

- Академиялық қызметте ЖИ қолдану жөніндегі Нұсқаулықпен және Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына арналған стандартпен таныстыру;
- Онлайн-курстар, мастер-класстар, жазғы және қысқы мектептер өткізу;
- ЖИ бойынша біліктілікті арттырудың арнайы курсарынан өту;
- Оқытушылар арасында ЖИ жөніндегі ішкі сарапшылық қауымдастық қалыптастыру.

1.3 ЖИ-ді пайдалану инфрақұрылымын дамыту

- Деректерді өңдеу және ЖИ үлгілерін оқыту үшін серверлік және цифрлік инфрақұрылымды жаңғыруту;
- Жасанды интеллект зертханаларын құру;
- Оқу үдерістерін ЖИ арқылы автоматтандыруға арналған ішкі платформаны әзірлеу, білім алушылар мен оқытушыларға ынғайлыш интерфейстер жасау;
- Бұлттық шешімдер мен машиналық оқыту құралдарын енгізу.

1.4 Этикалық және құқықтық стандарттар

- Оқытушылар мен студенттерді ЖИ-мен жұмыс істеу барысында этика, дербес деректерді қорғау және қауіпсіздік мәселелеріне оқыту;
- ЖИ-ді этикалық қолдану кодексін әзірлеу;
- ЖИ қолданудың этикалық қырларына арналған дөңгелек үстелдер, дәрістер мен семинарлар ұйымдастыру.

2. Стратегияны іске асыруды басқару

Стратегияны табысты жүзеге асыру үшін басқару жүйесі құрылды, оған төмендегілер кіреді:

Жауапты құрылымдық бөлімшелер мен тұлғалар:

- Академиялық жоспарлау және бақылау департаменті (АЖБД);
- Институт директорлары;
- Кафедра менгерушілері;
- Ақпараттық технологиялар департаменті;
- Цифрландыру жөніндегі басқарушы директор;
- Ғылым және инновациялар департаменті.

Координация және бақылау механизмі:

- Үнемі өткізілетін жиналыстар мен стратегиялық сессиялар;
- Жоспар-кестелер мен бақылау көрсеткіштерін (KPI) жүргізу;
- Стратегияның орындалуына сыртқы есеп беру және аудит жүйесі.

Сыртқы серіктестермен өзара іс-қимыл:

- Білім беру платформалары (Coursera);
- Басқа жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтар;
- IT-компаниялар (Google, Microsoft, Yandex, Huawei, Kaspersky және т.б.);
- Сарапшылық қауымдастықтар мен ассоциациялар.

3. Тиімділікті бағалау және даму перспектиналары

Негізгі көрсеткіштер (KPI):

- ЖИ пәндері бар бағдарламалардың үлесі (%);
- ЖИ бойынша оқудан өткен оқытушылар саны;
- Іске асырылған ЖИ-жобалар мен стартаптар саны;
- ЖИ бойынша байқаулар мен хакатондарға студенттердің қатысу деңгейі;
- ЖИ-ді этикалық әрі қауіпсіз қолданудың индикаторлары.

Мониторинг және бейімдеу:

- Іс-шараларды жыл сайын талдау және қайта қарау;
- Оқытушылар мен студенттердің пікірлері негізінде енгізуіндік тиімділігін бағалау;
- Жаңа технологиялық трендтер мен нормативтік талаптарды ескеру.

Перспектиналар:

- Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті кеңейту;
- Университеттің аймақтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- Ұлттық және халықаралық ЖИ жобаларына қатысу.

4. Тәуекелдер мен сын-қатерлерді бағалау

Негізгі тәуекелдер:

- Оқытушылар мен IT-мамандардың дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі;
- ЖИ жобаларының қаржыландырылуының шектеулі болуы;
- Технологиялардың тез ескіруі;
- Этикалық және құқықтық тұрғыдағы белгісіздіктер.

Тәуекелдерді басқару шаралары:

- Біліктілікті арттырудың жүйелі бағдарламасы;
- Технология алмасу үшін IT-компаниялармен серіктестік;
- Технологиялық аудит жүргізу және платформаларды үнемі жаңарту;
- Этика және құқық мәселелері бойынша жұмыс тобын құру;
- ЖИ-ді нормативтік реттеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен белсенді ынтымақтастық.

Қорытынды

Жасанды интеллектінің енгізу – бұл жай ғана технологиялық жаңару емес, білім беру моделінің терең трансформациясы.

Осы Стратегияны іске асыру «М.Тынышбаев атындағы ALT Университет» АҚ цифрлық білім беру саласында тұрақты көшбасшылықты қамтамасыз етеді, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлауға арналған инновациялық орта қалыптастырады және ғылыми әрі әлеуметтік дамудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

«М.Тынышбаев атындағы ALT Университет» АҚ Ғылыми кеңесінің 2025 жылғы 04 тамыздағы №11-1 хаттамасында қарасты өзене бекітілді.

Президент-Ректор



Жармагамбетова М.С.